

"Фармация" мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясы жүйесіндегі ұйымдардың дәрі-дәрмектік заттарды сатып алу мен сатудың белгіленген тәртібін елеулі түрде бұзғандығы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 428

"Фармация" мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясының (бұдан әрі - "Фармация" холдингі), облыстық және Алматы қалалық "Фармация" акционерлік қоғамдарының қызметіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің органдары жүргізген тексерулер кезінде дәрі-дәрмектерді сатып алу мен сатудың белгіленген тәртібінің елеулі түрде бұзылғандығы, импорттық дәрілерді сатып алуға бөлінген кредит ресурстары мен бюджет қаржысының тиімсіз пайдаланылғандығы, бірқатар жағдайларда олардың бағасының негізсіз төмендетілгені, сондай-ақ пайданы салық салудан жасыруышылық, қаржы тәртібінің басқа да бұрмалаушылық фактілері анықталды.

Жеткізушілерден өтімсіз дәрілерді және олардың сапа сертификаттары болмаса да көп мөлшерде сатып алуға жол берілуде, сондықтан олар көбінесе өтпей қалады.

Сатып алғынатын дәрі-дәрмектің сапасына тиісті бақылаудың жоқтығы қаражаттың өнімсіз жұмсалуына апарып соқтырғандығын былай қойғанда, тіпті республика халқының денсаулығына зиян келтіретіндей зор қатер туғызуда.

Шетел фирмаларының дәрі-дәрмекті уақтылы және толық көлемде жеткізуіне, импорттық медициналық дәрі-дәрмекті сатып алуға бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуына республиканың Денсаулық сақтау министрлігі мен "Фармация" холдингі тарапынан тиісті бақылау жоқ. 1992-1993 жылдардан бастап Ресейдің дәрі-дәрмек өндіруші кәсіпорындары айтарлықтай берешек болып отыр.

Семей облыстық "Фармация" акционерлік қоғамы тарапынан бақылаудың болмауын пайдаланған "Богас" корпорациясы шетелдік фирмалардан дәрі сатып алу үшін өзіне 1993 жылдың мамырында берілген 200 млн. рубльді мыс сатып алғып, экспортқа шығару үшін пайдаланылған, ал 148379 АҚШ доллары мөлшеріндегі алынған түсімді өзінің коммерциялық мақсаттарына жұмсаған.

Жекелеген акционерлік қоғамдар дәрі-дәрмекті коммерциялық құрылымдарға үстеме бағасыз босатқан, сол себепті, айып шараларын ескергенде, 575 мың теңге мөлшеріндегі ысырапқа жол берілген.

"Фармация" холдингі 1993 жылды пайданы кеміту салдарынан 695 мың теңге сомасында пайдаға салынатын салықты бюджетке кем төлеген, ал "Фармация" облыстық акционерлік қоғамдары 86,3 млн. теңге сомасындағы дәрі-дәрмектерді

қосымша бағалаудан бюджетке жарна төлемеген.

Бұл орайда бірқатар жағдайларда олар бұны "Фармация" холдингінің нұсқауымен жасаған.

Сондай-ақ импорттық дәрілер жеткізілімін жүзеге асырған Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі сыртқы сауда ұйымдарының делдалдық қызметінде де елеулі кемшіліктер орын алған.

Бірқатар реттерде олар шетелдік жабдықтаушылардан республика сатып алатын дәрі-дәрмектің құнына тиісті жеңілдікті талап етпеген, соның салдарынан олар жалпы мөлшері 273 мың АҚШ долларын артық төлеген.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, облыстардың, Алматы қаласының әкімдері:

осы тексерулердің нәтижелерін қарап, дәрі-дәрмек жеткізілімін, оның республика халқы мен емдеу мекемелеріне өткізуін тәртіпке келтіру шараларын қабылдасын, барлық жабдықтаушылардан кем берілген дәрі-дәрмек көлемінің орнын толтыруды талап етсін;

импорттық дәрілерді сатып алуға бюджеттен бөлінетін кредит ресурстары мен қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету, оларға сапа сертификаты жоқ дәрілерді сатып алуына және сатуына және олардың бағасының негізсіз көтерілуіне (төмендетілуіне) жол бермеу шараларын қабылдасын;

жол берілген кемшіліктер мен жолсыздықтарға кінәлі лауазымды адамдарды жауапкершілікке тартсын;

қолданылған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне 2 ай мерзім ішінде баяндасын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі В.Н.Девятко халықты және емдеу мекемелерін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді ұйымдастыруда мемлекеттік реттеудің босаңсығанына және "Фармация" жүйесіндегі ұйымдардың қызметіне бақылаудың жеткіліксіздігіне назар аударсын.

3. Өздеріне жүктелген міндеттер мен қызметтердің тиісті дәрежеде орындалуын қамтамасыз ете алмағандықтан және республиканың халқы мен емдеу мекемелеріне дәрі жөнінен көмек көрсетуде мемлекеттік басқарудың ескелең талаптарына сәйкес келмегендіктен "Фармация" мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясы, облыстық "Фармация" акционерлік қоғамдары және Алматы қалалық "Астана дәрі" акционерлік қоғамы таратылсын.

4. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен, облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесе отырып бір апта мерзімде "Фармация" мемлекеттік

акционерлік холдинг компаниясын, облыстық "Фармация" акционерлік

қоғамдарын және Алматы қалалық "Астана дәрі" акционерлік қоғамын
қайта күру туралы ұсынысты табыс етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қаржы бақылау комитетіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасы

Премьер-министрінің

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК